

Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, профессор Дуйсекова Куляш Керимбековнаның «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін Мүлкаманова Айгерім Жарылғасынқызының «Этномәдени құндылықтардың фразеологизмдердегі көрінісі (қазақ, орыс, ағылшын тілдері материалдары негізінде)» атты тақырыпта жазған диссертациялық жұмысына

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); <u>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді. 3) Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы тұрақты даму, адами капиталды дамыту» басым бағытына сәйкес келеді.

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	2. Жұмыстың ғылым үшін маңыздылығы фразеологизмдерді этномәдени құндылықтарды кодтайтын когнитивтік-аксиологиялық категория ретінде кешенді негіздеуімен, қазақ, орыс және ағылшын тілдері материалдары арқылы құндылықтарды көрсететін тілдік механизмдерді алғаш рет ұсынуымен және ғаламның фразеологиялық бейнесін ұлттық дүниетанымның когнитивтік моделі ретінде нақтылауымен айқындалады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	3. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің фразеологиялық жүйесін салғастыра талдау нәтижесінде жалпыадамзаттық құндылықтардың ортақ концептуалдық негізі сақталғанымен, олардың тілдік көрінісі мен аксиологиялық реңкі әр халықтың дүниетанымы мен мәдени дәстүріне сәйкес асимметриялық сипатта жүзеге асатынын автор тарапынан дәлелденеді, өзі жазу принципі жоғары.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	4.1 Диссертация тақырыбының өзектілігі қазіргі тіл біліміндегі антропоөзектік және лингвоаксиологиялық бағыттардың дамуымен негізделген. Зерттеу мазмұны қойылған тақырыпты толық айқындап, мақсат пен міндеттермен өзара үйлесімде жүзеге асырылған. Диссертацияның құрылымы мен бөлімдері логикалық тұрғыдан өзара сабақтасып, ішкі бірлік принципі сақталған. Автор ұсынған ғылыми тұжырымдар мен нәтижелер бұрынғы зерттеулермен салыстыра отырып негізделіп, қорғауға лайық деп бағаланады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	4.2 Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толық айқындайды. Негізгі ғылыми мәселелер жүйелі түрде қарастырылған. Қойылған мәселе диссертация

	1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	бөлімдерінде бірізді логикамен дамытылып, теориялық және практикалық талдаулар арқылы негізделген. Зерттеу құрылымы тақырыптың мазмұнына сай құрылған және автор таңдаған ғылыми бағытпен үйлеседі.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	4.3 Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді және зерттеу логикасын қамтамасыз етеді. Қойылған мақсат зерттеу нысанын ашуға бағытталып, міндеттер арқылы кезең-кезеңімен жүзеге асырылған. Мақсат пен міндеттердің өзара сабақтастығы диссертация мазмұнында жүйелі түрде көрініс тауып, зерттеудің тұтастығын қамтамасыз етеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері өзара логикалық байланыста құрылған. Кіріспеде қойылған мақсат пен міндеттер негізгі бөлімдерде бірізді түрде жүзеге асырылып, алынған нәтижелер қорытындыда жинақталған. Әрбір тарау алдыңғы бөлімдердегі мәселелерді толықтырып, зерттеудің жалпы логикасын сақтайды. Теориялық тұжырымдар зерттеу материалдары арқылы негізделген. Диссертация құрылымы тақырыпты толық ашуға бағытталған және мазмұны мен құрылымы өзара үйлеседі.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне	4.5 Ізденуші ұсынған ғылыми тұжырымдар мен жаңа шешімдер теориялық және зерттеу материалдары негізінде дәлелденген. Алынған нәтижелер фразеология, лингвомәдениеттану және лингвоаксиология салаларындағы бұрынғы еңбектермен салыстырылып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары көрсетілген. Автор дайын пікірлерді қайталамай, тілдік материалды өз бетінше талдау арқылы ғылыми көзқарасын

		негізделген; 4) талдау жоқ.	негіздеген. Бұрынғы тұжырымдарға сыни тұрғыдан қарау нәтижесінде зерттеудің жаңашыл тұстары айқындалған. Зерттеу қорытындылары ғылыми тұрғыдан негізді және қорғауға лайық.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	5.1. Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер мен ұсынылған ережелер толығымен жаңа сипатқа ие. Зерттеу барысында этномәдени құндылықтардың фразеологиялық репрезентациясы қазақ, орыс және ағылшын тілдері материалдары негізінде алғаш рет антропоэзектік және лингвоаксиологиялық тұрғыда кешенді түрде салғастыра талданған. Автор ұсынған тұжырымдар бұрынғы зерттеулерді қайталаумен шектелмей, тілдік деректерді дербес талдау арқылы алынған жаңа ғылыми қорытындыларға негізделген. Зерттеу нәтижелері фразеологиялық бірліктердің аксиологиялық әлеуетін анықтауда жаңа қырынан пайымдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа деп бағаланады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	5.2. Диссертацияның қорытындылары жаңа ғылыми нәтижелерге негізделген, зерттеу барысында алынған дербес талдаулар мен авторлық тұжырымдар бұрынғы зерттеулерді қайталамайды. Олар этномәдени құндылықтардың фразеологиялық репрезентациясын антропоэзектік және лингвоаксиологиялық тұрғыда жаңаша пайымдаумен ерекшеленеді. Осы тұрғыдан алғанда, диссертацияның қорытындылары ғылыми жаңалығы бар, қорғауға лайық деп бағаланады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару	5.3 Қолданылған әдістемелік шешімдер толықтай жаңа болып табылады. Олар автордың дербес ғылыми ізденісі

		шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	нәтижесінде ұсынылған және теориялық әрі практикалық тұрғыдан негізделген. Ұсынылған шешімдер зерттеу саласында бұрын қолданылмаған тәсілдерге сүйенеді және ғылыми жаңалығы жоғары деп бағаланады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	6. Диссертацияда жасалған барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан дәйекті дәлелдемелерге негізделген. Қорытындылар теориялық тұжырымдармен қатар, кең көлемде жинақталған тілдік материалды талдау нәтижелеріне сүйеніп шығарылған. Әрбір тұжырым салғастырмалы, когнитивтік және аксиологиялық талдау әдістері арқылы нақты дәлелденген. Зерттеу барысында алынған нәтижелер бұрынғы ғылыми еңбектермен салыстырылып, олардың ғылыми негізділігі көрсетілген. Осылайша, диссертация қорытындылары логикалық тұрғыдан жүйелі және ғылыми тұрғыдан сенімді деп бағаланады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің	Қорғауға ұсынылған 1-ші тұжырым 7.1 Қорғауға шығарылған негізгі ереже зерттеу барысында жиналған ауқымды тілдік материал мен қолданылған ғылыми әдістер негізінде толық дәлелденген; 7.2 Ұсынылған негізгі ережелер тривиалды сипатта емес; 7.3 Бұл тұжырымның ғылыми жаңалығы фразеологизмдерді этномәдени құндылықтардың жинақталған тілдік-когнитивтік коды ретінде кешенді сипаттауында көрінеді. Зерттеуде алғаш рет қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі соматикалық, зоонимдік және колоративтік фразеологизмдер этномәдени ақпаратты кодтаудың арнайы концептуалдық

	тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	механизмдері ретінде салыстырмалы-аксиологиялық тұрғыдан жүйеленіп, олардың мәдени-мағыналық жүктемесі теориялық деңгейде дәлелденді. 7.4 Ұсынылған ереженің қолдану деңгейі кең деп бағаланады. Зерттеу нәтижелері фразеология, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика салаларында, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация мен тіл оқыту тәжірибесінде пайдалануға мүмкіндік береді. 7.5 Диссертацияның қорғауға шығарылған негізгі ережелері автордың жарияланған ғылыми мақалаларында көрініс тауып, дәлелденген. Қорғауға ұсынылған 2-ші тұжырым 7.1 Дәлелденді; 7.2 Ұсынылған 2-ші негізгі ереже тривиалды сипатта емес; 7.3 Аталған тұжырымның жаңалығы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің фразеологиялық жүйелеріндегі аксиологиялық өзек алғаш рет салыстырмалы түрде анықталып, оның әмбебап және ұлттық-ерекше қабаттары нақты тілдік деректер арқылы айқындалуында. Әр тілдегі фразеологизмдердің құндылықтық басымдығы ұлттық дүниетаным, тұрмыс-тіршілік, діни және мәдени факторлармен жүйелі байланыста қарастырылып, бұл байланыс дәлелді түрде көрсетілді. 7.4 Ұсынылған ереженің қолдану деңгейі кең деп бағаланады. 7.5 Диссертацияның қорғауға шығарылған негізгі ережесі автордың жарияланған ғылыми мақалаларында
--	--	--

			көрініс тауып, дәлелденген. Қорғауға ұсынылған 3-ші тұжырым 7.1 Дәлелденді; 7.2 Ұсынылған 3-ші негізгі ереже тривиалды сипатта емес; 7.3 Бұл тұжырымның ғылыми жаңалығы ғаламның фразеологиялық бейнесін сандық және сапалық деректерді ұштастыра отырып салыстырмалы тұрғыдан модельдеуінде. Зерттеуде алғаш рет үш тілдегі фразеологизмдердің толық, жартылай және баламасыз сәйкестік үлгілері нақты статистикалық көрсеткіштермен негізделіп, олардың арақатынасы ұлттық мәдени айырмашылықтардың тілдік репрезентациясы ретінде түсіндірілді. 7.4 Ұсынылған ереженің қолдану деңгейі кең деп бағаланады. 7.5 3-ші негізгі ереже автордың жарияланған ғылыми мақалаларында көрініс тауып, дәлелденген Қорғауға ұсынылған 4-ші тұжырым 7.1 Дәлелденді; 7.2 Ұсынылған 4-ші негізгі ереже тривиалды сипатта емес; 7.3 Тұжырымның жаңалығы фразеологизмдер арқылы көрінетін құндылықтар иерархиясын (моральдық, отбасылық, жеке тұлғалық, рухани, материалдық, жалпыадамзаттық) салыстырмалы-аксиологиялық тұрғыдан жүйелеуінде. Әр халықта белгілі бір құндылықтар тобының басым болуы мәдени-тарихи және әлеуметтік факторлармен сабақтастырыла отырып, сандық талдау нәтижелері арқылы дәлелденді.
--	--	--	--

			7.4 Ұсынылған ереженің қолдану деңгейі кең деп бағаланады. 7.5 4-ші негізгі ереже автордың жарияланған ғылыми мақалаларында көрініс тауып, дәлелденген Қорғауға ұсынылған 5-ші тұжырым 7.1 Дәлелденді; 7.2 Ұсынылған 5-ші негізгі ереже тривиалды сипатта емес; 7.3 Бұл тұжырымның ғылыми жаңалығы фразеологизмдерді зерттеудің аксиологиялық бағытын дербес және тиімді әдіснамалық тәсіл ретінде негіздеуінде. Фразеологиялық бірліктердің аксиологиялық бағдар қалыптастырушы құрал ретіндегі қызметі кешенді түрде дәлелденіп, олардың ұлттық дүниетаным мен мәдени құндылықтарды интерпретациялаудағы теориялық әлеуеті кеңейтілді. 7.4 Ұсынылған ереженің қолдану деңгейі кең деп бағаланады. 7.5 5-ші негізгі ереже автордың жарияланған ғылыми мақалаларында көрініс тауып, дәлелденген
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	8.1 Диссертациялық зерттеуде дәйектілік қағидаты толық сақталған. Зерттеуде қолданылған әдіснамалық тұғырлар зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді және зерттеу тақырыбының ерекшеліктерінен туындайды. Антропоэзеттік, когнитивтік, лингвомәдениеттанымдық және лингвоаксиологиялық бағыттардың таңдалуы фразеологиялық бірліктердегі этномәдени құндылықтарды кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді. Қолданылған әдіснама зерттеу нәтижелерінің

			ғылыми негізділігін қамтамасыз етіп, алынған қорытындылардың дәйектілігін арттырады. Зерттеу логикасы кіріспеде қойылған мақсат пен міндеттерден бастап, негізгі бөлімдердегі талдау арқылы қорытынды нәтижелерге дейін бірізді түрде дамытылған. Теориялық тұжырымдар эмпирикалық материалмен жүйелі түрде дәлелденіп, барлық қорытындылар өзара сабақтастықта ұсынылған. Зерттеуде пайдаланылған дереккөздер ғылыми тұрғыдан сенімді, тақырыпқа тікелей қатысты және өзекті еңбектерден құралған. Ұсынылған ақпарат отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі зерттеулеріне, сондай-ақ нақты тілдік материалды талдау нәтижелеріне негізделген. Дереккөздер мен авторлық тұжырымдар арасында логикалық сәйкестік сақталып, ақпараттың дәйектілігі толық қамтамасыз етілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	8.2. Диссертация жұмысының нәтижелері негізінен дәстүрлі лингвистикалық талдау әдістеріне сүйене отырып алынған. Зерттеуде компьютерлік технологиялар арнайы ғылыми әдіс ретінде қолданылмай, негізгі назар теориялық пайымдау мен тілдік материалды сапалық тұрғыда интерпретациялауға аударылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған	8.3 Диссертацияда алынған теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулер арқылы тексерілмеген. Зерттеу негізінен теориялық талдау мен тілдік материалды сапалық тұрғыда интерпретациялауға

		(педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	сүйеніп жүргізілген. Сондықтан қорытындылар эксперименттік верификацияға емес, лингвистикалық талдаудың дәстүрлі ғылыми әдістеріне негізделген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	8.4 Маңызды мәлімдемелер зерттеу тақырыбына тікелей қатысты нақты әрі сенімді ғылыми дереккөздерге жасалған сілтемелермен расталған. Диссертацияда отандық және шетелдік жетекші ғалымдардың іргелі еңбектері пайдаланылып, авторлық тұжырымдар сол ғылыми көзқарастармен сабақтастықта дәлелденген. Сілтемелер жүйелі әрі орынды беріліп, ұсынылған ғылыми пайымдардың дәйектілігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбына толық сәйкес келіп, әдеби шолуды жүргізуге жеткілікті ғылыми еңбектерді қамтиды. Тізімде отандық және шетелдік іргелі зерттеулер, заманауи ғылыми мақалалар мен теориялық жұмыстар жүйелі түрде пайдаланылған. Бұл әдеби шолудың тереңдігін қамтамасыз етіп, диссертацияның теориялық негізін жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы этномәдени құндылықтардың фразеологиялық репрезентациясын антропоэзектік және лингвоаксиологиялық тұрғыда кешенді сипаттауымен айқындалады. Зерттеу нәтижелері фразеология, лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистика салаларындағы теориялық ұстанымдарды нақтылап, толықтыруға мүмкіндік береді. Алынған тұжырымдар тіл мен мәдениет арақатынасын зерттеуге арналған болашақ ғылыми еңбектер үшін

			теориялық негіз бола алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	9.2 Зерттеу нәтижелері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқыту үдерісінде, фразеология, лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистика бойынша оқу курстарында пайдалануға қолайлы. Сонымен қатар алынған тұжырымдар мәдениетаралық коммуникацияны дамытуда, оқу-әдістемелік құралдар мен сөздіктер дайындауда қолданылуы мүмкін. Бұл диссертацияның практикалық құндылығын және нәтижелерінің қолданбалы әлеуетін айқындайды.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	9.3 Диссертацияның негізгі бағыты теориялық сипатта болғандықтан, практикалық ұсыныстардың көлемі шектеулі. Ұсыныстар негізінен алынған ғылыми нәтижелерді оқу үдерісінде және әдістемелік жұмыстарда қолдану мүмкіндігін көрсетумен шектеледі. Дегенмен олар зерттеу мазмұнына сай және диссертацияның теориялық тұжырымдарын практикамен байланыстыруға жеткілікті деңгейде ұсынылған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	10 Диссертацияның академиялық жазу және ресімдеу сапасы жалпы талаптарға сай, ғылыми стиль сақталғанымен, кейбір тұстарда сөйлем құрылымын ықшамдау және стильдік бірізділікті күшейту қажеттілігі байқалады. Терминология негізінен дұрыс қолданылған, алайда жекелеген бөлімдерде тілдік нақтылықты арттыруға болады. Жалпы алғанда, мәтін мазмұнын түсінуге кедергі келтірмейді және қорғауға жарамды деңгейде жазылған.

11.	Диссертацияға ескертулер		1. Диссертацияның теориялық бөлімі жеткілікті деңгейде қамтылғанымен, жекелеген ұғымдар мен терминдерге берілген анықтамаларды біріздендіру жұмыстың тұтастығын арттыра түсер еді. 2. Практикалық ұсыныстар диссертация мазмұнына сай болғанымен, олардың қолданылу аясын нақтылау немесе бір-екі нақты қолданбалы үлгімен толықтыру жұмыстың практикалық маңызын арттыра алады. 3. Академиялық жазу стилі жалпы талаптарға сәйкес келеді, алайда жекелеген тұстарда сөйлем құрылымын дұрыстап, қайталауларды азайту мәтіннің стильдік сапасын жақсартар еді. 4. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті болғанымен, соңғы жылдары жарияланған кейбір заманауи зерттеулерді қосу жұмыстың ғылыми жаңалығын одан әрі айқындай түсуі мүмкін.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың		12. Диссертация тақырыбы бойынша барлығы 6 ғылыми еңбек жарияланған, олардың ішінде Scopus халықаралық деректер базасына кіретін журналда жарық көрген мақала бар. Сонымен қатар диссертация нәтижелері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған рецензияланатын ғылыми басылымдарда жарияланып, зерттеудің отандық ғылыми қауымдастық тарапынан мойындалғанын дәлелдейді. Автордың еңбектері фразеология, лингвомәдениеттану және салыстырмалы лингвистика салаларындағы өзекті мәселелерді қамтып, зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Халықаралық және республикалық конференция материалдарында жарияланған мақалалар зерттеу

	зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	нәтижелерінің ғылыми апробациядан өткенін және диссертацияның теориялық әрі эмпирикалық деңгейінің жеткілікті екенін көрсетеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	13. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Мүлкаманова Айгерім Жарылғасынқызының «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.

1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Мүлкаманова Айгерім Жарылғасынқызының «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Мүлкаманова Айгерім Жарылғасынқызының «Этномәдени құндылықтардың фразеологизмдердегі көрінісі (қазақ, орыс, ағылшын тілдері материалдары негізінде)» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, қорғауға ұсынуға лайық жұмыс деп есептеймін.

Рецензент:

филология ғылымдарының докторы,

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ

филология факультетінің шетел филологиясы

кафедрасының профессоры Дуйсекова Куляш Керимбековна

